

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 наурыз N 290

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Z010273_ Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін Талдықорған қаласына көшіру жөніндегі іс-шараларды аяқтауға 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен 800 (сегіз жүз) миллион теңге, оның ішінде:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне әкімшілік ғимараттарды жөндеуге (сатып алуға) - 238 (екі жүз отыз сегіз) миллион теңге, оның ішінде м ы н а л а р ү ш і н :

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Алматы облыстық қазынашылық басқармасына - 3 (үш) миллион теңге;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша басқармасына - 25 (жиырма бес) миллион теңге, оның ішінде ғимарат сатып алуға - 15 (он бес) миллион теңге;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы облысы бойынша әділет басқармасына - 26 (жиырма алты) миллион теңге;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алматы облысы бойынша салық комитетіне ғимарат сатып алуға - 35 (отыз бес) миллион теңге;

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің Алматы облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетіне - 8 (сегіз) миллион теңге;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Алматы облыстық автомобиль жолдары басқармасына - 9 (тоғызы) миллион теңге;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқармасына - 9 (тоғызы) миллион теңге;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық басқармасына - 5 (бес) миллион теңге;

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Балқаш аймақтық биоресурстарды қорғау жөніндегі мекемесінің Алматы облыстық балық ресурстарын қорғау жөніндегі инспекциясына - 1 (бір) миллион теңге;

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасына - 6

(а л т ы)

м и л л и о н

т е н г е ;

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы облыстық орман және биоресурстар жөніндегі басқармасына - 7 (ж е т і) м и л л и о н т е н г е ;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Алматы облыстық прокуратурасына - 37 (отыз жеті) миллион тенге;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің Алматы облысы бойынша әкімшісіне - 44 (қырық төрт) миллион тенге;

Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің Алматы облысы бойынша қаржы полициясы департаментіне - 16 (он алты) миллион тенге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Алматы облысы бойынша департаментіне - 1 (бір) миллион тенге;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Алматы облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасына - 3 (үш) миллион тенге;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Алматы облыстық әскери комитетіне - 3 (үш) миллион тенге;

2) Алматы облысының әкіміне - 562 (бес жүз алпыс екі) миллион тенге, оның ішінде :

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы облыстық ішкі істер бас басқармасы үшін әкімшілік ғимаратты жөндеуге - 111 (бір жүз он бір) миллион т е н г е ;

Алматы қаласынан Талдықорған қаласына екінші кезеңде көшірілген тиісті орталық мемлекеттік органдар облыстық құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілерін квота бойынша тұргын үймен қамтамасыз етуге - 451 (төрт жүз елу бір) м и л л и о н т е н г е б ө л с і н .

2. Алматы облысының әкімі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірлесіп, бөлінетін қаражаттың мақсатты да тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін және 2002 жылғы 1 тамызға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының 1-тармағына сәйкес бөлінетін қаражатты пайдалану туралы толық есеп берсін, бұл ретте осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасы бойынша ақпаратты онда мемлекеттік органды, пәтерлердің мекен-жайларын, алаңын және оның тенгерімдік құнын көрсете отырып, ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі орталық мемлекеттік органдардың Талдықорған қаласына көшірілген аумақтық бөлімшелері үшін әкімшілік ғимараттарды құрделі жөндеуге арналған шығындар есептемелерінің жобаларына белгіленген тәртіппен 2 ай мерзімде мемлекеттік

сараптама жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың

мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК